

Бруцеллез індетіне қарсы шектеу қою туралы

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 22/04 қаулысы. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 04 ақпанда N 8-16-52 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа алып Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бап 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес, Ұлытау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2009 жылғы 21 тамыз күнгі N 02-342 санды ұсынысы негізінде Терсаққан селолық округінде мүйізді ірі қара малдарынан бруцеллез індеті шығуына байланысты аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Терсаққан селолық округі көлеміне ветеринариялық - санитариялық шектеу қ о й ы л с ы н .

2. Бруцеллез індетіне шалдыққан барлық жануарлар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 бұйрығымен бекітілген Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы аурулардың (бруцеллез) профилактикасы және олармен күресу бойынша ветеринариялық - санитариялық және санитариялық - эпидемиологиялық Ережесінің талаптарына сәйкес жойылсын.

3. Шектеу шараларына байланысты жұмыстар аяқталғанға дейін селолық округ территориясынан арнайы рұқсатсыз ауыл шаруашылығы малдарын тірі алып шығуға ш е к т е у қ о й ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Т. Ә б д і к е р о в к е жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі

Ж.Ә. Дәрібаев